

«Порядок и право» №20 (548) 21 мамыр 2015 жыл

«Алтыннан алқа тағып оралды»

Осы айдың басында Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласында КСРО-ның 9 дүркін жеңімпазы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әбілхан Дауылбаевтың 65 - жылдық мерейтойына байланысты I Республикалық турнирі өтті.

Аталған турнирге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 2 курсының 201 топ тыңдаушысы Бақдәулет Асанов қатысып, алтыннан алқа тағып, жеңіспен оралды. Қазақстан Республикасының ұлттық спорт түрлерінен спорт шебері атанған тыңдаушымыз, бұл жолыда өзінің мәртебесін қорғап қалды. Біздің тыңдаушымыз ұлттық ат спортының теңге алу ойынынан облыстың намысын қорғап алтыннан алқа тақты және де көкпар ойынына қатысып, өз командасын жеңіске жетелегенін айтып өтті.

Тыңдаушымыз Бақдәулет Асановты бұл жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз.

Жанар Бухметова
Академияның 201 топ кураторы
полиция подполковнигі